

# Намазалы ОМАШҰЛЫ

А 2008  
365к

ҰЗЫНҚУЛАҚТАН  
ҚАЗАҚ  
РАДИОСЫНА  
ДЕЙІН










# Намазалы ОМАНШҰЛЫ

## ҰЗЫНҚҰЛАҚТАН ҚАЗАҚ РАДИОСЫНА ДЕЙІН



ББК 78.031

0 416 (05) - 07 / 4503000000-12 06-07

© Оманшұлы Н. 2007  
Алматы "Санат" 2007

ISBN 9965-004-03-3

ББК 76.031  
О - 58

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің  
тапсырысы бойынша шығарылып отыр*

**Омашұлы Н.**

О -58 **Ұзынқұлақтан қазақ радиосына дейін.:** - Алматы: «Санат», 2007. - 320 б.

ISBN 9965 - 664 -63-3


Белгілі ғалым Намазалы Омашұлының бұл еңбегінде қазақ жерінде пайда болған радиостанциялар мен хабардың таралу тарихы тың деректер негізінде айтылады. Сонымен қатар сонау «Ұзынқұлақ» аталған алғашқы хабарлардан бастап «Қазақ радиосы» атанғанға дейінгі жолына ғылыми негіздеп, дәлелді жауаптар беріледі. Радионың жедел де пәрменді ақпарат құралы ретіндегі артықшылықтары мен ерекшеліктері сарапталады. Еліміздегі радиожурналистиканың қалыптасу жолдары мен даму мәселелері және эфирдегі журналистика мен өнер атаулының өсу жолын, болашағын айқындайды.

О  $\frac{4503000000-12}{416(05)-07}$  06-07

ББК 76.031

ISBN 9965-664-63-3

© Омашұлы Н., 2007.  
© ЖШС «Санат» баспасы, 2007.



## || ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ТАРАҒАН ӘУЕЛГІ ХАБАР ЖӨНІНДЕ

Еліміздің әуе толқынына таралған алғашқы радио хабар туралы әлі күнге дейін әртүрлі пікірлердің болуы, олардың бір байламға келмеуі қазақ радиосының туған жылын белгілеуде жансақтыққа ұрындырып жүр. Белгілі ғалым Марат Барманқұлов пікір алуандығын былай түсіндіреді: “Қазақстанда жаппай хабар бере бастауды анықтаудағы кездесетін қиындықтар мынаған байланысты, зерттеушілер бұл хабарларды: а) өзіндік хабар, ә) Мәскеу хабары, б) республика хабары, в) жергілікті хабар, г) радио хабар, ғ) морзе әліппесі көмегімен берілетін хабар деп бөледі. Ал бұған республика астанасының Орынбордан Қызылордаға, одан кейін Алматыға көшірілгені де септігін тигізді.” (Журналистика. Алматы, 1975, 125-б.).

Ғалымның бұлай деуінде негіз бар. Мысалы, “Полвека в пути” жинағында жарияланған макалаларында осы салаға біраз жетекшілік жасаған Н.Сыздықов (20-б.) пен И.Колчин (73-б.): “Қазақстанда радио алғаш 1923 жылы жұмыс істеді” дейді. Бірақ, олардың қандай дерекке сүйенгені көрсетілмеген. Радиостанциялардың қабылдап-таратушы, тек қана қабылдаушы немесе тек қана таратушы болып бөлінетіндігін ескерсек, олардың тұжырымына күмәніміз көбейе түседі.

Зерттеушілер Р.Сағымбеков пен С.Қозыбаевтың Қазан төңкерісінен кейін жұмыс істеген радиостанциялар туралы жасаған байламы нақтылай түсуді қажет етеді. Олар өз пікірлерін Қазақстандағы революциялық комитеттің төрағасы қызметін атқарған В.А.Радус-Зеньковичтің естелігіне сүйеніп, дәлелдеуге тырысады. Р.Сағымбеков “Жиырмасыншы жылдардың басында-ақ қолда бар радиостанциялар арқылы хабарлар беріле бастады”, — дейді “Алматыдан сөйлеп тұрмыз” деген кітабында (19-б.). С.Қозыбаев журналистика тарихы жайлы шыққан келесі жинағында (Очерки истории журналистики Казахстана) осы ойын бекіте түседі. “Республикалық радио алғашқы хабарын 1920-21 жылдары бастады” деп бұған дәлел ретінде В.А.Радус-Зеньковичтің естелігін ұсынады (51-б.).

Осында жетпейтін бір нәрсе бар — ол дәлдік. Алдыңғы автор: “Жиырмасыншы жылдардың басында-ақ” деп бастаса,

соңғысы — “1920-21 жылдары” деп шамалайды. Ерекше маңызы бар мұндай оқиға үшін мүмкіндігінше нақтылық қажет екендігі өзінен-өзі түсінікті болар.

Тарихи мәселені зерттеуде оны барынша кеңірек әрі жан-жақты қарастыру дұрыс болжам жасауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан келгенде, 1920 жылдардан бұрын, яғни Қазан төңкерісіне дейін қазақ жерінде радио байланыс құралдары болған ба деген сұраққа жауап беруіміз керек.

Қазақ радиосының тарихын зерттеушілердің бірі Р.Сағымбеков аталған еңбегінде: “1912 жылы Александр фортындағы радиостанцияның меңгерушісі Шпанов-Егоров Түркістан пошта-телеграф округінің жоғары мәртебелі бастығына кезекті шағым жолдап, станцияға іргелес салынған тұрғын үйлерді жөндеуге 140 сом қаржы сұрайды”, — дейді (11-б.). Одан соң автор радиостанция қызметкерлерінің жұмыстарының ауырлығына, оларға 1917 жылға дейін Түркістан пошта-телеграф округі тарапынан ешқандай көмектің болмағанына тоқталады.

Профессор М.Барманқұлов алдыңғы зерттеушіге қосылып, “Қазақстандағы алғашқы радиостанция 1913 жылы Форт-Александровскіде жұмыс істеді. Ол Ресейдің бұрыш-бұрышындағы 16 радиостанцияның бірі еді”, — деп жазады (Страницы радио-летописи, с.30). Сонымен көрсетілген мерзімдердің қайсысы шындыққа жақын екендігіне көз жеткізу үшін нақты деректерге жүгініп көрейік.

Қазан төңкерісінен бұрынғы патшалық Ресей тұсындағы байланыс жүйесін қарастыратын кітаптың (Развитие связи в СССР. М., 1967) “Радиобайланыс” деп аталатын бөлімінде осыған қатысты біраз мәселе айтылады. Ресейдің пошта және телеграф басқармасына қатысты коммерциялық радиостанциялар құрылысы 1909 жылы жаңадан салына бастайды. Оған ашық теңіз үстіндегі корабльдермен байланыс жасау үшін жағалауларға радиостанциялар салу жөніндегі халықаралық конвенция түрткі болыпты. Осындай радиотелеграфтық желі Ресейдің оңтүстігінде Форт-Петровскіні (Махачкала қаласы) байланыстыратын (36,37-б.).

Осында келтірілген деректерден шығатын қорытынды мен біз жоғарыда талдаған мұрағаттық деректерден түйген тұжырым сәйкес келеді. Егер радиостанция жұмысын 1912 жылы бастаса, оған қажетті бөлшектердің жетіспеуі жайлы шағымның 1913 жылы жазылуы, тұрғын үйдің тарлығы, жарамсыздығы жайындағы мәліметпен екі-үш жыл өткізіп барып шағымдану, біздіңше заңды құбылыс.

Ендеше, Форт-Александровскідегі радиостанция жұмысын



1913 жылы емес, одан сәл ертерек, яғни 1912 жылы бастады деген қисынға келеді.

Осы арада тоқталатын тағы бір мәселе бар. Кезінде бұл тақырыпқа қалам тартқан зерттеушілердің барлығы да революцияға дейін қазақ жерінде жалғыз Форт-Александровскідегі радиостанция болды деп келеді. Ал республиканың оңтүстік облыстарында байланыс орнатқан Ташкент радиостанциясын қайтеміз?

Қазақстанның сол кездегі үштен бір бөлігін алып жатқан халқы қоныстанған Сырдария мен Жетісу (қазіргі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда) губерниялары Түркістан республикасына қарады. Сондықтан, Ташкенттен тараған хабарларды тек өзбек халқына ғана теліп қоя салу біржақтылық болар еді. Өйткені, оны ол округте тұратын барлық тұрғылықты халықтың тілдері бірдей қолданылғаны белгілі. Оған “Радиослушатель” журналында (1928, № 5) басылған мына бір мысал дәлел болады. “Қарақұм қаласынан Ташкентке жергілікті ұлттан өкіл келді. Ол Ташкенттің радиостанциясына қазақ тілінде хабар тарату туралы өтініш жасады. Болыстың көптеген қыстаулары мен ауылдарында дауыс үдеткіштер мен радиокабылдағыштар бар-тын. Радиостанция өз бағдарламасына қазақ тіліндегі хабарларды енгізді”.

Сонымен, Қазан революциясына дейін Форт-Александровскі мен Түркістанда радиостанциялар болды. Олардың жұмысы мынаған саяды:

Біріншіден, радиостанциялардың жалпы халыққа арналған кең аудиториясы болған жоқ. Ұйымдастырушылар алдарына ондай мақсатты қоймады. Радио хабарды тек байланыс үшін қолданып, желілі телеграфты қайталады;

Екіншіден, радиостанциялар мемлекетке қарағанмен, шын мәнінде түрлі ведомстволарға қызмет етті. Оларға: әскери және әскери-теңіз, сол сияқты пошта-телеграф ведомстволары енді. Еліміздегі барлық радиостанциялардың басын қосып, бір мақсатқа бағындыратын, оның дамуын қадағалап отыратын жеке ұйым болған жоқ.

Үшіншіден, Қазақстан жеріндегі аталған радиолар негізінен әскери бөлімшелер арасын байланыстыратын желі қызметін атқарды. Оларды әскери байланыстағы рөлімен салыстырғанда, шаруашылық, әкімшілік және саяси өмірге араласуы жоқтың қасы еді.

Р.Сағымбеков аталған кітабында: “Алматыда радио хабарын беру ісі 1928 жылдың ақпан айында басталған болатын”, — дейді (23 б.). Ал, Алматы радиостанциясы одан бұрынырақ, яғни 1920 жылы жұмыс істей бастаған еді. Қазақстан Республикасы

Орталық Мемлекеттік мұрағатының 179-қорында (22-іс, 831-б.): Алматы радиостанциясының менгерушісі Занкевичтің “1920 жылдан бергі кезең ішінде радиостанция жұмыс баяндамасы” деп аталатын көлемді жазба бар. Ол сөзін былай бастайды: “Алматыда радиостанция қалай ұйымдастырылғанын қысқаша баяндап өтуді бірінші міндетім деп санаймын. 1920 жылы Жетісу майданы таратылған кезде актердан алынған радиостанциялар Ташкентке жіберілді. Мұндай станциялардың біреуі жергілікті қоғамдық-әкімшілік органдардың талап етуі бойынша, Гусериннің басшылығымен Алматыда қалдырылып, жұмыс істей бастады. 1921 жылы станция әскери өкімет органдарының карауынан пошта-телеграф ведомствосының карауына көшіп, жұмысын одан әрі жалғастыра берді”.

Қазак елін радиоландыру ісінің бір көрінісі — граммофон мен пластинкаларды тарату болды. Осы жөнінде 1919–1920 жылдары казак өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық кеңестің төрағасы болған С.Пестковский былай деп жазады: (“Борьба классов”, 1934 № 1, 136-б.): “Мәскеуге партия немесе Кеңестер съезіне келген сайын Ильичпен көптеген сұрақтар төңірегінде кеңесетінмін...”

Осындай әңгімелесу кезінде... мен өзге емес, өзтілінде не жазу, не оқи білмейтін көшпелі казак ауылының арасында партиялық және ағарту жұмысын жүргізудің қиындығын айттым. Владимир Ильич ойланып отырып: “Мен сізге практикалық кеңес берейін: Кеңес Конституциясы, партияның принципін, ұлттық саясат туралы бірнеше баяндама ұйымдастырыңыз. Бұл баяндамаларды граммофон күйтабағына түсіру керек. Сосын біздің орган арқылы граммофонды көбейтіп алуға болады. Бұған мен көмектесейін. Граммофон мен күйтабакты ауылдан-ауылға таратыңыз. Осылайша үгіт-насихат жұмысының негізін салыңыздар”, — делі.

С.Пестковский “Советская степь” газетінде (1939 ж. 4-қазан) жарияланған тағы бір естелігінде: “1919 жылдың желтоқсанында ревком атынан Кеңестердің VII съезіне Мәскеуге Байтұрсынов екеуміз бардық. Съезден соң, біз Ленинмен кездесуге сұрандық”, — деп, кездесуге Ахмет Байтұрсыновпен бірге барғандығы айтылады. Ал, кейбір басылымда жарияланған осы естеліктен Аханның аты алынып тасталуы — қызыл саясаттың кесірі.

В.И. Ленин А. Байтұрсынов пен С.Пестковский екеуін жақсы қабылдап, сөздерін тыңдайды, өлкені басқару жөнінде бірнеше нұсқаулар жасау керектігін, оларды казак тіліне аударып, граммофон пластинкаларына жазып, халық арасына тарату қажеттігін айтады. (В.И. Ленин о Қазақстане, 313-б.).

Демек, казак жұртының арасына граммофон мен

пластинкаларды таратуда Ахмет Байтұрсынов қосқан үлес аз болмаған. Өкінішке орай, осы саланың өрістеуі негізінен революциялық комитет төрағасының еңбегі ретінде біржақты бағаланып келгені анық. Әрине, бұны ашық айтып, әділ бағасын беру тек енді ғана мүмкін болып отыр.

Республикалық Қазақ радиосының тарихы 1931 жылдан басталады делініп келеді. Неге екені түсініксіз, оны Алматыда пайдалануға берілген 10 киловаттық жаңа радиостанцияның ашылуымен және “Еңбекші қазақ”, “Советская степь” радиогазеттерінің эфирге шығуымен байланыстыратың. Бірақ ондай газеттер бұрын Қызылорда, Ақтөбе, Ақмолада да ұйымдастырылған. Сол сияқты республика радио хабарының таралуы одан он жыл ілгері іске асқанын дәлелдейтін тарихи құжаттар да, зерттеуші ғалымдардың пікірлері де жеткілікті.

Қазақ жерінде Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де бірнеше радиостанциялар жұмыс істегеніне жоғарыда тоқталдық. Ендеше, 1931 жылға дейін республикалық радионың үні шықпады деуге ешқандай негіз жоқ. Ол өзінің тарихи миссиясын жиырмамыншы жылдары да ойдағыдай орындап жатты. Оны радионың тарихын зерттеген ғалымдардың бірде-біреуі жоққа шығармайды.

Жиырмамыншы жылдардың басында-ақ қолда бар станциялардың көмегімен радио хабарын губерния орталықтары мен уездік ірі пунктер үшін кез келген уақытта беру мүмкіндігі жүзеге асырылды. Ол: “Орынбордағы қуатты радиостанция арқылы күн сайын бір сағаттық, одан да көп жалпысаясаттық, партиялық және кеңестік ақпарат түрінде берілетін” дейді Р.Сағымбеков (Алматыдан сөйлеп тұрмыз., 19-б.). Зерттеуші С.Қозыбаевтың пікірі де осыған саятынын айттық.

Ал, белгілі ғалым М.Барманкұлов: “Орынборда 1921 жылдан радиобюллетень тартыла бастады” дейді “Четыре даты рождения радио” деген мақаласында. Бірақ, бұл деректер белгілі бір мақсатқа бағындырылған ғылыми жүйеге түспеген, әр тұста айтылып қала беретін үзік-үзік дүниелер іспетті. Енді, өткенімізге өзгеше көзқарас қалыптасқан кезде қазақ радиосының тарихын да қайта қарамай болмайды. Өйтпесек, ел мәдениетінің өркендеуіне еңбек еткендердің ісін елемеу сияқты көрінер еді. Тіпті, тарихымызға қиянат болар еді.

Белгілі орыс ғалымы В.Н.Ружников “Кеңестік радиожурналистиканың тууы мен алғашқы дамуы радиотелеграф негізінде пайда болды. Ол радиожурналистиканың бастапқы формаларын өмірге әкелді”, – дейді “Основы радиожурналистики” деген еңбегінде. (12-13-б.б.). Сөз жоқ, даутудырмайтын тарихи шындық. Өйткені, Қазақ телеграфтық

агенттігіне қарасты радио бөлімшесінің іс-тәжірибесін зерттегенімізде бұған толық көз жеткіздік.

РОСТА-ның Орынбор бөлімшесі 1920 жылдан бастап жұмыс істегені туралы зерттеушілер пікірі бір жерден шыққанымен, оның қай күні берілгені жайлы екі түрлі мерзім айтылып жүрді. Мысалы, С.Қозыбаев: “Қазақстанның партия-кенес баспасөзі тарихындағы елеулі оқиға — 1920 жылы 13 тамызда Ресей телеграфтық агенттігінің Орынбор бөлімшесінің құрылуы болды...” деп, “Қазақстандағы мәдени құрылыс” деген кітапқа сілтеме жасайды.

Жаңа экономикалық саясат тұсындағы ұлттық баспасөздің қызметін қарастырған Д.Ахметов болса, РОСТА-ның Орынбор бөлімшесі 1920 жылдың мамыр айында құрылды, деп жазады (Вестник МГУ. Серия журналистика, 1988, №4, 18-б.). Бірі — тамыз айында ашылды десе, екіншісі мамыр айы дейді. Осының қайсысы шындыққа жанасады?

Қазақтың тұңғыш агенттігі — КирРОСТА-ның ізашары болған РОСТА-ның Орынбор бөлімшесінің жұмысы жайлы деректі орталық, республикалық мұрағаттардан іздеп табу мұндаға дейін мүмкін болмады. Ол кезінде астананың Орынбордан Қызылордаға, одан Алматыға көшуіне байланысты сақталмауы мүмкін ғой деген болжамға тірелген еді. Кейінірек, яғни 1987 жылы, сәті түсіп, СОКП Орталық комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институтының Орталық партия мұрағатының 17-қорынан: “КирРОСТА баспасөз қызметкерлерінің Бүкілресейлік съезге баяндамасы” деген бейнетаспаға түсірілген құжатты кездестірдік. Қордың сыртында көрсетілген тақырыбы мүлде бөлек болып шықты. Оның зерттеушілер көзіне түспей келгені содан болу керек. Әлгі баяндаманы жасаушы КирРОСТА-ның менгерушісі Пилац деген екен. Ол 1920 жылдың мамыр айында Орынбор бөлімшесінің ашылғанын, бір жылдан кейін, яғни 1921 жылы наурызда қайта Кир РОСТА болып құрылғанын қолмен қойғандай етіп жеткізеді (60-т., 845-іс, 53-б.).

Сонымен, Орталық партия мұрағатынан кездестірген құжат пен Д.Ахметов көрсеткен мерзім (1920 жылғы мамыр) дәлме-дәл келді. Осыдан кейін “Республикалық радио алғашқы хабарын 1920-1921 жылдары бастады” немесе “Жиырмамыншы жылдардың басында-ақ” деп болжаммен шамалап айтатын бұрынғы дүдәмал пікірлердің сыры ашылды. Ол кезінде революциялық комитетінің төрағасы қызметін атқарған В.А.Радус-Зеньковичтің РОСТА-ның Орынбор бөлімшесі мен Кир РОСТА-ның ара-жігін ажыратпай айтқан естелігіне сүйеніп жасалған тұжырым екен.

Сонымен КирРОСТА-ның құрылған мерзімі анықталды. Енді, оның радио хабарын қалай және қашан таратқанын дәлеллеу қалды. Ол үшін тағы да сол мұрағаттық құжаттарға жүгінбесек болмайды. Өйткені, Кир РОСТА-ға қараған радио бөлімінің жұмысын Қазақстандағы мәдени істердің тарихына байланысты жазылған еңбектерден кездестіру қиын.

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатында сақталған дерек көздеріне сүйенетін болсақ, дәл осы кезде Орынборда бір емес, үш радиостанция жұмыс істеп тұрғандығы жөнінде мәлімет бар. Онда белгілі қашықтықтан берілген дыбысты қабылдап алатын шағын радиостанцияның 1918 жылдан іске қосылғандығы айтылады. Ал келесі жылы хабарды әрі қабылдап, әрі орташа қашықтыққа беретін 8 квт. станция пайдалануға берілді деп көрсетілген. (Ол кейін 1921 жылы мамыр айында Қазақ республикасы пошта-телеграф комиссариаты уәкілінің шешімі бойынша Семейге ауыстырылады). 1920 жылы 60 квт. қуатты үшінші радиостанция іске қосылғасын жағдай бұрынғыдан өзгере бастайды (793-к., 1 т., 55-іс, 2-б.). Бірақ, оның қуаты республиканың кез келген нүктесімен ақпарат алмасуға толық жеткенімен, радио хабарын жасап, оны көпшілікке тарататындай іс-тәжірибесі шамалы еді. Ондай абыройлы істі тек жоғарыда аталған радио бөлімі ғана біртіндеп дұрыс жолға қоя бастады.

Бұл бөлімнің өз алдына жеке шығармашылық ұйым болып қалыптасуын, халыққа қызмет көрсетуін бір ауыз сөзбен жеткізе алмаспыз. Ол уақыт өткен сайын өзіндік ерекшеліктерді игере берді. Бұрынғы радиолық байланыс орталығы біртіндеп хабарлама қабылдайтын, өңдейтін, тарататын ұйымға айналып, үгітшілік мәнге ие бола бастады. Сол сияқты радиостанция ұғымы алғашқы кезде арнаулы техникамен жаракталған орын легенді білдіретін. Кейінірек, ол ұғым жаңа, қосымша мазмұнмен толықты. Енді, ол тек техникалық орын ғана емес, сондай-ақ хабар жасайтын редакциялық, журналистік қызмет атқаратын, арнаулы адамдар жұмыс істейтін жер дегенді білдіретін болды.

Қазақ радиосының туған жылын нақтылауда бір мәселенің басы ашық болуы керек. Егер радио мекемесінің толық атауы “радиовещание”, яғни радио хабарын тарату скенін ескерсек, радионың алғашқы байланыс құралы ретіндегі рөлін бұған жатқызуға болмайды. Сондықтан да Орынбор радиосын осы тұрғыдан қарастырып көрелік.

Осы кезде қазақ автономиялы республикасының құрамына Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Орал, Семей, Ақмола, Бөкей губерниялары мен Абай ауданы кіретін, дейді Пилац. Осынау шетсіз де шексіз қазақ даласындағы байланыстың нашарлығы

жалпы жағдайды қиындатып жібереді. Мысалы, Торғай, Ырғыз сияқты елді мекендер теміржолдан 500-600 шақырым қашықтықта орналасқан. “Бұл мекендер, шындығында, шет аймақ сияқты көрінді” деп, ойын бүкпесіз білдірді ол РК (б) П Орталық комитетіне жасаған баяндамасында. Республикадағы 6 млн. халықтың 30 пайызы — орыстар, қалғаны — қазақтар. Журналистік білімі бар қызметкерлердің жетіспейтіні қатты қинайтын еді, дейді.

Осындай қиын жағдайда үгіт-насихат ісін бастауға тура келді. Шалғайда жатқан елді мекендерге газет жетпейтін немесе айлап жүріп баратын. Сондықтан, хабар-ошар берудің ен сенімді әрі тиімді жолы деп радионы таңдап алу қажеттіліктен туындады. Орынбордағы орталық станция арқылы және шет аймақтардан берілетін хабарларды қабылдап, жергілікті халыққа, сонда шығатын газеттерге тарататын жиырмаға жуық радиостанциялардың көп іс тындырғаны даусыз. Олар: Орынбордағы үш радиостанциядан басқа, Семей мен Оралда екіден еді. Сол сияқты Қостанай, Ақтөбе, Ақмола, Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Қырғилы, Павлодар, Өскемен, Орда, Гурьев, Жилая Коса, Александр фортында орналасқан болатын (ҚР ОМА 793-к., 1-т., 4-іс, 4-б.).

**Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1921 жылғы 29 қыркүйектегі шешімі республикалық радионың дүниеге келуіне тікелей әсері болды. Онда қазан айынан бастап Орынбордағы радиостанция арқылы күн сайын 1600 сөзден тұратын өздері дайындаған радиобюллетеньді республикаға таратуға құқық беріледі (Сонда, 30-к., 1-т., 56-іс, 71-б.).**

Ендеше, 1921 жылдың қазан айын республикалық Қазақ радиосының туған күні деп атауға толық негіз бар. Өйткені, бұған дейін ресми түрде осындай құқық беріліп, республика әуе толқынына тараған радио хабары болған жоқ. Дәл осы айдан бастап арнайы кесте (сетка) бойынша республикада жұмыс істеп тұрған радиостанциялар арқылы елді мекендердің барлығына дерлік жүйелі түрде хабар таратылғанын дәлелдейтін деректер бар. Мысалы, Орынбордағы орталық станция тәулігіне екі рет белгілі уақытта Мәскеуден берілетін РОСТА-ның хабарын трансляциялады. Ертенгісін және кешкісін бір сағаттан өздері дайындаған бюллетень түріндегі радио хабарын тарататын. Сол сияқты Астрахан, Саратов, Уфа, Самара, Челябині, Ташкент, Ново-Николаевск және Царицынмен хабар алмасты (Сонда, 793-к., 1-т., 55-іс, 188-б.).

Оның республикалық радио қызметін атқарғандығын дәлелдейтін тағы бір белгі — жергілікті жердегі радиостанциялар бұған бағынып, есеп беріп отыратын болған. Мысалы, Ақмоладағы радиостанцияның жұмысы жайлы осында жібе-

рілген есепте былай деп көрсетілген: “Радио ақпарат губернияда жеткілікті дәрежеде ойдағыдай таратылады. Атмосфералық разрядтардың салдарынан жұмыс істей алмай қалған күндерден басқа мезгілде радио ақпаратты үнемі қабылдаймыз”, — деп губерния меңгерушісі Бородулин мен инспектор Кондратенко қол қояды (Сонда, 4-іс, 43-б.).

Осы кездегі радио хабарының газет жұмысын жандандыруға қосқан үлесі де өз алдына бір әңгімеге арқау болатындай. Әсіресе жергілікті жерде шығатын газеттердің оқырмандары радио арқылы алынып басылатын жаңалықтарға сусап отыратыны соншалық, басылым бетінен “радионың соңғы хабарлары”, “радиохабаршы”, “радиожеделхаттар” айдарымен берілетін хабарлар көрінбей қалған кезде, оны іздейтін еді. Газет шығарушылар ондай кезде “Бүгін радиохабаршы алынған жоқ” деп ескерту басуға дейін барған көрінеді (“Киргизская степь”, 1924 жылғы 5 сәуір).

Ал радиохабаршы деген не, ол қалай жасалған? Енді соған тоқталайық: “Радиохабаршы — радио арқылы таралатын өлкелік ақпарат” деген. Қазан революциясы атындағы Орталық Мемлекеттік мұрағатынан кездестірген құжатта оған қойылатын талаптар көрсетіледі:

Радиохабаршы: а) бюллетень түріндегі материалдардан; ә) Мәскеуден радио арқылы алынатын хабарлардан, сондай-ақ: б) орталық және жергілікті газет материалдарынан тұрады.

Радиохабаршыға берілетін материалдарды өндегенде қысқа әрі анық баяндауға тырысқай жөн. Онда бірде-бір артық сөз болмауға тиіс.

Мәскеу радиосы республикаға байланысты мәселелерді іріктеп беруі керек. Одан Ресейге қатысты материалдар алынып тасталады. Жергілікті ақпаратқа мүмкіндігінше көбірек орын бөлінгені жөн.

Әдеби дүниелердің тапшылығын ескере отырып, сондай дүниелерді берген дұрыс (391-к., 156-іс, 10-б.).

Сөйтіп, 1921 жылдың қазан айынан бастап ресми түрде Қазақ автономиялы республикасының орталық радиосы еліміздегі станциялардың бәріне күн сайын хабарларын тарататын болған. Онда бүкіл өлкенің сан қырлы өмірі, қоғамдық құрылысы, халықтың мәдениеті мен күнделікті тұрмысына шейін берілген.

Тілшілердің жұмысы шамамен мынадай бөлімдерден тұрады: а) партия-кенес аппаратының жұмысы; ә) жұмысшының кәсіби ісі және еңбек мәселесі; б) экономикалық жағдай; в) Қызыл армия өмірі; г) мәдени-ағарту жұмысы; ғ) тұрмыс хроникасы және т.б.

Мысалы, Қазан төңкерісі атындағы Орталық Мемлекеттік мұрағатта сақталған 1922 жылы желтоқсан айында эфирден берілген хабаршыны оқып көрелік (391-к., 4-т, 13-іс, 1-б., 40-б.).

### **Ауыл шаруашылығы.**

Орал. 2.XII. — Орал губерниясының мал шаруашылығы азамат соғысы мен 1921-22 аштық жылдары кезінде 88 пайызы кеміп кетті. Губернияда соғысқа дейін 3.800.000 бас мал бар еді, қазір 500.000 қалды.

### **Ашаршылыққа қарсы күрес**

Қостанай. 15.XII. — Желтоқсанның 15-іне қарай аш адамның саны 62.000 болды. Көмек мүлдем жеткіліксіз. Мал індетінен төрт ай ішінде 7.000 жылқы өлді, қасқырлар 1000-нан аса малды қырып кетті, 20 адамды жеді.

Орынбор. 16.XII. — 10 желтоқсанға дейін республикадағы отырықшы халықтан — 9.811.233 пұт астық жиналды. Ол тапсырманың 80 пайызын құрайды. Көшпенді халықтан — 279.500 пұт алынды. Тапсырма 128 пайызға орындалды.

2001 жылы жұмыс істегеніне 80 жыл толған Орынбор радиостанциясы алғашқы шығармашылық жолын осылай бастаған. Ол біртіндеп хабарларды версткалады, такырып бойынша топтастырды, дербес және тектес ақпараттарға бөлу нәтижесінде журналистік електен өткізілді. Сөйтіп, республикалық эфирден үндеулер, шақырулар, деректер, нұсқаулар, мәліметтер, жаналықтар, бюллетеньдер беретін болды. Ендеше, қазақ радиосының тарихын да республикалық басылымдар “Егемен Қазақстан”, “Казахстанская правда” дәстүрімен сол кезден бастаған жөн. Көршілес республикалардың радиолары да өздерінің шежіресін осылай жазды.

## **РАДИОХАБАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ**

### **ТӨҢКЕРІСТЕН БҰРЫНҒЫ РАДИО**

Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ баспасөзінің тарихын зерттеген көрнекті ғалым Х.Бекхожин оны үш тарауға бөліп қарастырады<sup>1</sup>. Мерзімді баспасөздің пайда болуын Түркістанда шыққан “Түркістан уалаяты” (1870-1882 жж.) мен Орынборда тараған “Дала уалаяты” (1888-1902) газеттерінің жұмысынан бастайды. Екінші тарауды “Қазақстан баспасөзі бірінші орыс революциясы кезеңінде” (1905-1907 жж.) деп атап, “Искра” басылымының Қазақстанда революциялық қозғалыстың тууына күшті ықпал еткенін, 1901 жылы 1-мамырда Оралдағы жергілікті баспаханада ереуіл өткенін, оның алғашқы саяси көтеріліс екенін дәлелдейді (35-бет). Келесі тарауды — “Боль-



шевиктік баспасөз революцияның жаңадан өрлеуі және бірінші империалистік соғыс жылдарында (1910-1917)” деп атайды. Мұндағы ерекше факті – “Правда” газетін “өз органымыз” деп қуанышпен қарсы алған қазақстандықтардың оған қаржы жағынан көмек көрсеткені, Орал, Семей облыстарында, Верный, Орынбор, Петропавл, Қостанай және басқа қалаларда жаздырып алушылардың болғандығы. “Правданың” алғашқы тілшісі қазақ – Жұбандық Болғанбаевтың жазған мақалаларына талдау жасайды (43-44-беттер).

Келесі тарауда Қазақтың демократиялық баспасөзінің негізін қалаған Орда мен Оралда шыққан “Қазақстан” газеті (1911-1913) және Троицкідегі “Айқап” журналының (1911-1915) іс-тәжірибесіне тоқталып, лайықты баға береді (45-50-беттер).

Зерттеуші Қазақ жеріндегі мәдени-ағарту, ұйымдастыру жұмыстарын негізінен баспасөз арқылы жүргізілген деген қорытындыға келеді. Оған дауымыз жоқ. Бірақ ел өмірінде басқа да жаналық хабаршысы – байланыс құралдары жұмыс істеуі мүмкін ғой. Біздің объектіміз сондай ақпарат көздері болуға тиіс.

Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік мұрағатында тек төңкеріске дейін Түркістан округы бойынша негізгі байланыстың көзі болған бөлімшелер жұмысы жайлы біраз деректер беретін қорлардың<sup>2</sup> бар екенін айтуымыз керек.

Р.Сағымбеков өзінің “Алматыдан сөйлеп тұрмыз” деген кітабында: 1912 жылы Александр Форттың радиостанцияның менеджері Шпанов-Егоров Түркістан пошта-телеграф округының жоғары мәртебелі бастығына кезекті шағым жолдап, станцияға іргелес салынған тұрғын үйлерді жөндеуге 140 сом қаржы сұрайды<sup>3</sup> дейді. Одан соң автор радиостанция қызметкерлерінің, жұмыс жағдайының ауырлығына, оларға 1917 жылға дейін Түркістан пошта-телеграф округы тарапынан ешқандай көмектің болмағандығына кенірек тоқталады. Станция жұмыс істеп тұр ма, жоқ әлде оның құрылысы жана жүріп жатыр ма, осы жағы көмескілеу болып қалады. Мұны тиісті деректердің жетімсіздігінен кеткен олықтық деп түсіндік.

Профессор М.Барманқұлов алдыңғы зерттеушілерге (Сағымбеков пен Қозыбаева) қосылып, Қазақстандағы алғашқы радиостанция 1913 жылы Форт-Александровскіде жұмыс істеді. Ол Ресейдің бұрыш-бұрышындағы 16 радиостанцияның бірі еді деп жазды<sup>4</sup>. Сонымен, көрсетілген мерзімдердің қайсысы шындыққа жақын екендігін дәлелдеу үшін сенімді деректерге жүгініп көрелік.

Осы тақырыпты ыждаһаттылықпен зерттеу барысында

Қазақ КСР Мемлекеттік мұрағат “Форт-Александровск қаласындағы радиотелеграфты қайта құру туралы”<sup>3</sup> деген сарғайған парақтарды кездестірдік. Олар радиостанцияның дұрыс жұмыс істеуі үшін қосымша құрылыс жұмыстарын жүргізу қажеттігін дәлелдеп Түркістан пошта-телеграф бастығының атына жазылған өтініш-шағымдар екен. Алғашқы акты-шағым 1913 жылдың 5 қыркүйегінде радиотелеграф станциясына қажетті бөлшектердің жетіспеуіне орай жасалған (9-б.). Ал 1914 жылдың 29 қаңтарындағы шағым үйдің тарлығы жөнінде (26-б.). Осылайша әр кезде барлығы 11 акті жасалынып, жолданған. Оның ең соңғысына радиостанция менгерушісі Шпанов 1917 жылдың 2 тамызында қол қояды.

Біз үшін өте құнды болған бұл дерек көп нәрсеге көз жеткізуге көмектесті. Александр Форттың радиостанцияның менгерушісі Шпанов алғашқы шағымын Р.Сағымбеков дәлелдейтіндей 1912 жылы емес (айын көрсетпейді), 1913 жылдың 5 қыркүйегінде жолдапты. Онда тұрғын үйдің тарлығы емес<sup>6</sup>, станцияға керекті бөлшектер жетімсіздігі айтылады. Ал тұрғын үй мәселесі 1914 жылдың 29 қаңтарындағы жолданған шағым-актіде сөз болады. Яғни, Р.Сағымбеков көрсеткен мерзім дәл емес, жаңсақ. Оған қатты шұқшиған себебіміз, қазақ жерінде жұмыс істеген алғашқы радиостанцияның мерзімін анықтауда бұл фактілердің мәні өте зор.

Егер, Р. Сағымбеков дерегіне сүйенсек, яғни тұрғын үйдің тозуы, тарлығы жайындағы шағым 1912 жылы жазылса, онда радиостанцияның жұмыс істеуі, логика бойынша, кемінде одан екі-үш жыл ерте басталуы керек<sup>7</sup>. Шамамен бұл 1909-1910-шы жылдардың тұсы болар еді. Ол жоғарыда атап өткен мұрағаттық дерекке де, біз жүгінгелі отырған тарихи еңбекке де сәйкес келмейді.

Қазан революциясынан бұрынғы патшалық Ресей тұсындағы байланыстың жүйесін қарастыратын “КССР-дегі байланыстың дамуы” деген кітаптың “Радиобайланыс” деп аталатын бөлімінде: “Пошталар мен телеграфтар басқармасы коммерциялық радиостанцияларды Ресейде 1909 жылы сала бастады, оның үстіне радиостанцияларды тұрғызуға көп жағынан сол кезде күшіне енген халықаралық конвенция түрткі болды, ол барлық мемлекеттерді ашық теңіздегі кемелермен байланыс жасау үшін жағалаудағы радиостанциялардың құрылысына қамқорлық жасауға міндеттеді. Міне, Ақ теңіздің Балтық теңізінің, Қара теңіздің, Каспий теңізінің және Солтүстік Мұзды мұхит пен Тынық мұхиттың жағалауындағы алғашқы радиостанциялар сондықтан пайда болып еді. Станциялардың қуаты күшті болмады және ара-тұра өзара не-

месе сол маңнан өтіп бара жатқан кемелермен байланыс жасай отырып, аз пайдаланылды”<sup>8</sup> делінген.

Осы кітапта біздің объектіміз жайында былай дейді: “... Ресейдің оңтүстігінде радиотелеграф желісі жұмыс істей бастады (1912 жыл), ол Александр Фортын (қазіргі Қазақ КСР-індегі Атырау облысының Форт-Шевченко қаласы), Петровский Фортымен (қазіргі Махачкала қаласы) байланыстырды. Оның 4-ші қатарында Александр Фортындағы радиостанция (қуаты 1 квт, әрекет ету қашықтығы – 300 км) көрсетілген (38-б.).

Осында келтірілген фактілер, біз жоғарыда тоқталған мұрағаттан табылған деректерден шығар қорытындымен сәйкес келеді. Егер радиостанция жұмысын 1912 жылы бастаса, оған қажетті бөлшектердің жетпеуі жайлы шағымның 1913 жылы, тұрғын үйдің тарлығы, жарамсыздығы жайында екі-үш жылдан соң жазылуы, біздіңше, заңды құбылыс.

Ендеше, Александр Фортындағы радиостанция жұмысын М.Барманқұлов жазғандай 1913 жылы емес<sup>9</sup>, одан сәл ертерек, яғни “КССР-дегі байланыстың дамуы” деген кітапта көрсетілгендей, 1912 жылы бастаған деген ұйғарымға келеміз.

Н. Митрофанов диссертациялық жұмысының “1917-1918 жылдардың қазан айындағы Ресейдің радиостанциялары” деп аталатын қосымшасында былай дейді: “Осы қосымшаның 1-3 кестесіне қуаты жағынан анағұрлым мәнді, мақсаты мен географиялық жағдайы жағынан маңызды қабылдап-таратушы радиостанциялар енгізілді. Радиостанциялар тізбесінің құрылымы олардың 1917 жылғы қазан айындағы әр түрлі ведомстволарға жататындығына сай келеді, ол 1918 жылғы шілде айында “Кенес республикасының радиотехника ісін орталықтандыру туралы декрет” қабылданғанға дейін іс жүзінде өзгермей қалды”.

Ол барлық радиостанцияларды үш топқа бөліп, әр топтың өз кестесін жасапты. Бірінші кестеге – әскери ведомствоның радиостанциясы, екіншісіне – теңіз ведомствосының радиостанциясы кіреді, үшінші кесте – пошта-телеграф ведомствосы деп аталады. Үшінші кестеге енетін пошта-телеграф ведомствосына қарасты 25 радиостанцияның 24-ші қатарында Александр Форты тұр<sup>10</sup>. Ендеше, бұл шағын радиостанцияның Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеп келгені шындық. Оның негізгі ісі – Каспий теңізіндегі кемелер жұмысының реттілігін ынғайластырып отыру болған<sup>11</sup>.

Осы арада ерекше тоқталатын тағы бір мәселе бар. Кезінде бұл тақырыпқа қалам тартқан зерттеушілеріміздің барлығы да төңкеріске дейін қазақ жеріне хабар берген жалғыз – Александр Фортындағы радиостанция болды деп келді. Әсіресе,

Р.Сағымбеков: “Төңкеріске дейін Қазақстан аумағында Форт-Александровскіде (қазіргі Гурьев облысының Форт-Шевченко қаласы) жалғыз қуаты аз радиостанция жұмыс істегені белгілі дейді<sup>12</sup>. Шындығында солай. Дегенмен республиканың оңтүстік облыстарына хабар таратқан радиотелеграф жұмысын мүлде есепке алмау қалай болар екен?

Қазақстанның үштен бір халқы қоныстанған Сырдария мен Жетісу (қазіргі Алматы, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл және Талдықорған) облыстары үшін негізгі ақпарат көзі әрі орталығы атанған Түркістанның үлкен қаласы – Ташкент болғаны анық. Ал Түркістаннан тараған хабар-ошардың қазақ жеріндегі төңкеріс туралы айтпауы мүмкін емес еді.

Мысалы, “Қазақстандағы Қазан төңкерісінің жемісі жайлы құжаттар мен материалдар” жинағында: 1917 жылдың 7 сәуірінде Уақытша өкіметтің шешімімен Түркістан өлкесін басқару үшін комитет құрылғандығы айтылады. Түркістан комитетінің мүшелері – Шапский мен Тынышбаев Уақытша өкіметтің Жетісу облысындағы комиссарлары болып тағайындалады<sup>13</sup>. Ал 1917 жылдың 28 қазанында Ташкентте жұмысшылар мен солдаттардың қарулы көтерілісі басталды. Большевиктердің басшылығымен Ташкент кеңесі өкімет билігін өз қолына алды. Көтерілісті Сырдария облысының еңбекшілері де қолдады. Кеңес өкіметін өз қаласында құрып алған Қызылорда жұмысшылары ең алғашқылардың бірі болып Ташкент жұмысшыларына көмекке келді<sup>14</sup>.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Ташкентте қазақ тілінде “Ақ жол”, “Тілес”, “Жаңа өріс”, “Шолпан”, “Сана” және “Жас кайрат” т.б. газет-журналдар шығып, Жетісу мен Сырдария облыстарына тарап тұрды<sup>15</sup>. Тіпті Түркістан республикасы еңбекшілерінің алғашқы коммунистік баспасөзі атанған “Иштракион” негізінен өзбек тілінде шыққанымен, кейбір мақалалары қазақ тілінде жарияланатын еді<sup>16</sup>.

Сол сияқты Түркістаннан әуе толқынына тараған хабар-ошардың қазақ еліне тигізген ықпалын, көмегін бағаламауға болмайды. Ендеше, ондағы ақпарат көзі, хабарлама құралы – радиостанция жұмысын зерттемеу мүмкін емес. (Оған кейін кеңірек тоқталамыз.)

В. Яковлевтің “Отар Түркістандағы” байланыс құралдарының жай-күйі және байланыс қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы” деген мақаласында Орта Азияның Ресейге қосылғаннан кейін қалалар арасындағы және Түркістандағы әскери бөлімшелер арасындағы пошта желілері құрылысының жаппай қолға алынғандығы туралы, 1865 жылы Ташкент пен Орынбордың арасында Түркістанды Ресейдің

орталық аудандарымен қосатын пошта жолы ашылғандығы айтылады. Сол жылы Ташкент пен Шымкенттің, Ташкент пен Әулиеатаның (қазіргі Жамбыл қаласы – Н.О.), Ташкент пен Токмақтың (Қырғыз ССР-де – Н.О.) арасында пошта жолдары салынды дейді<sup>17</sup>. Автордың осы кітаптағы “Түркістанның байланыс қызметкерлері 1905-1907 жылдағы революцияда” деп аталатын екінші мақаласы алдыңғы ойдың жалғасы іспетті. “Байланыс қызметкерлері қоғамдық және саяси өмірдің барлық жаналықтарымен танысуына мүмкіндігі зор болды. Олар әрдайым елдегі аса маңызды оқиғалардан жақсы хабардар еді... Ресейдің байланыс қызметкерлері (соның ішінде Түркістанда да) салыстырмалы түрде аз болды, бірақ бұл олардың революциялық қозғалыстағы рөлін төмендетпейді. өйткені байланыс қызметкерлерінің қолында еліміздің аса маңызды өмірлік жүйке тамырлары болды. Революциялық армияның қолына телеграфтың, поштаның, телефонның көшуі патша өкіметіне ауыр соққы болып тиіп, дұшпанды әрекетсіз қалдыратын еді”. Алайда бұл мысал радионың болғандығын анық емес, екіұштылау жеткізетін сияқты.

Өзбек КСР-інің Мемлекеттік мұрағатынан алынған мына бір дерек Түркістан жеріндегі байланыс құралдарының жұмысы жөніндегі ойдың желісін өрбітеді. Онда: “1911 жылы Түркістандағы 85 байланыс орнының 9-ы пошта, 5-уі радиотелеграф, қалғаны пошта-телеграф орындары болды<sup>18</sup>. 1916 жылға қарай Түркістанда екі жаңа радиотелеграф мекемесі ашылды”<sup>19</sup> делінген.

Кенес өкіметінің алғашқы жылдарындағы радиомамандардың қоғамдық қозғалысы туралы жазған мақаласында И.М.Волков төңкеріс алдында Ташкентте радиостанция болғанын алдыңғы автор сияқты көмескілемей анығырақ айтады. “Басқа да ірі әрі қуатты радиостанциялармен бірге ол революция, қарулы көтеріліс үшін, орталықтағы және жергілікті жерлердегі кенес өкіметінің органдары үшін жайлы болды. Олар қарулы көтерілістің алдында социалистік революцияны ашық жақтады” деп жазады<sup>20</sup>.

В.Ружниковтың осы тақырыпқа жазылған монографиясында мынадай дерек бар: “1917 жылы біздің елімізде тұрақты жұмыс жасайтын радиостанциялардың үш желісі жұмыс істеді: олар едәуір дәрежеде бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде салынды. Олардың әскери ведомствоға жататындары – Петроградтың түбіндегі Царскосельский (300 квт), Мәскеудегі Ходынский (300 квт), Николаевтағы, Ташкенттегі және басқа станциялар еді”<sup>21</sup>. Кеңестік радиохабарларды тарихи-теориялық тұрғыдан терең зерттеген маманның бұл

тұжырымы біздің айтпақ ойымызбен, дәлелдемек пікірімізбен астасып жатқандығын жасыра алмаймыз. Оның осы тақырыпқа байланысты күдікті, бұлыңғырлықты сейілтері анық.

Сонымен Ұлы Қазан төңкерісіне дейін Александр Форты мен Түркістанда радиостанциялар жұмыс істеді. Олардың елге сіңірген еңбегі мен іс тәжірибесі В.Ружниковтың төңкеріске дейінгі жалпы радиотелеграф жұмысына берген анықтамасымен өзектес болып келеді.

Біріншіден, радиостанциялардың жалпы халыққа арналған кең аудиториясы болған жоқ. Ұйымдастырушылар алдарына ондай мақсатты қоймады. Радиохабары тек байланыс үшін қолданылып, желілі телеграфты қайталады.

Екіншіден, радиостанциялар мемлекетке қарағанымен, шын мәнісіндегі түрлі ведомстволарға қызмет етті. Олар: әскери және әскери-теңіз, сол сияқты пошта-телеграф ведомстволары еді.

Үшіншіден, Қазақстан жеріндегі аталған радиолар негізінен әскери бөлімшелер арасын байланыстыру қызметін атқарды. Олардың әскери байланыстағы рөлімен салыстырғанда шаруашылық, әкімшілік және саяси өмірге араласуы жоқтың қасы болатын.

## || КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ОРНАУЫ КЕЗІНДЕГІ РАДИОНЫҢ РӨЛІ

Кенестік радионың социалистік революция жеңістеріне араласуы В.И.Лениннің тікелей басшылығымен жүрді. Сондықтан да Кеңес мемлекетінің нығаюы мен кенестік радионың қалыптасуының қатарласа дамуы заңды үдеріс. “Радио да революция сияқты империалистік соғыстан шығып, материалдардың жоқтығына қарамастан аршынды дами бастады... Қазан айында ол өзіне өмір берген “ұшқынды” тапты. Оның “толқындары” халықтың қалың бұқарасының қозғалысын бейнеледі”<sup>22</sup> деп отандық радионың қалыптасуына тікелей атсалысқан белгілі мамандардың бірі — М.А.Любович алғашқылар қатарында пікір білдірген еді. Революциялық істерге тікелей араласқан белгілі жазушы А.Серафимович оған екінші қырынан келіп: “Радио төңкеріс уақытына қарай таңғаларлық сәттілікпен пайда болды, ал революция өзі өмір сүрген алғашқы сәттен бастап оны ескерді және пайдаланды”<sup>23</sup> деп, оны революцияның ажырамас бір атрибуты ретінде бағалайды.

Қазақстандағы социалистік төңкеріс жеңісі мен радио тарихын бірдей көрсететін мына бір мысал алдыңғы буындар айтқан ойдың жанды жалғасы іспетті.

1919 жылы 30 сәуірде Астрахань өлкесі Уақытша әскери-

революциялық комитетінің төрағасы С.М.Кировтың бұйрығы бойынша Еділ-Каспий флотилиясы әскери теңізшілерінің десанттар отряды Александр Фортын қолына алып, Колчак гарнизоны беріледі. Форттағы радиостанция десантшыларға тұтастай жұмыс істеп тұрған күйінде тиді. Радиостанция қызметкерлерінің шифрларын ашып беруіне байланысты С.М.Киров мұны дұрыс пайдалануды ұйғарды. Станция арқылы Астраханьға жолданған дұшпанның радиожазбаларына көп кешікпей жауап келеді. Ал Александр Фортындағы радиостанция оларды Колчак әскерлері үшін – Гурьевке, Деникиншілер үшін – Петровскіге эфирге береді.

Іле-шала аса құпия депеша да түсті, онда генерал Гришин-Алмазов бастаған Деникиннің әскери делегациясы Гурьевке, адмирал Колчакқа жүріп кеткені туралы хабар және Форт командиріне теңіздегі кемені қабылдап, Гурьевке дейін ілеспі баруға бұйрық берілді. Большевик радистер акгвардияшылардың басшылығын, “күзетке алынатынына, шығарып салатынына” сендірді. Ал 5-мамырда генералдың крейсері теңізде қызылдардың әскери корабльдерімен-тұтқынға алынды. делегация мүшелері мен “Лейла” кемесінен табылған құнды материалдар Астраханьға жеткізілді. Материалдардың арасында Деникиннің, Колчактың және Юденичтің Кенестік Ресейге қарсы біріккен жорығының егжей-тегжейлі жобасы болды. Кировке Деникиннің жеке хаты да келіп түсті, онда Колчакқа өзінің көптен бергі арманы: Мәскеуге екі жақтан соққы беру керек екенін, ал Юденич Петроградты күйретуге тиіс екені айтылған еді. “Лейладан” алынған материалдар Ленинге аса қажет болды<sup>24</sup> Большевиктік тапқырлықтың аркасында қуаты аз осы радиостанцияның өзі революцияға, В. И. Ленинге осылайша қызмет етеді.

Азамат соғысы кезінде радиобайланыстың қаншалықты маңызды болғанын 1919 жылы акгвардияшы әскерлер қоршап алған Оралды қорғаудағы екінші мысал да көрсетеді. Қаладағы радиостанция арқылы қоршаудағы гарнизон үш айға жуық уақыт ішінде Мәскеумен, М.В. Фрунзе бастаған әскерлердің Оңтүстік тобымен үнемі байланыс жасап отырды. Оралды 50 күн бойы қаһармандықпен қорғағаннан кейін, қоршауда қалғандардың жағдайы қатты шиеленіскен кезде радиотелеграф оларға Лениннің үндеуін жеткізді. Орал қорғанысының батырларына ыстық сәлем жолдай отырып, В.И.Ленин олардан “мойымауды, тағы да бірер апта шыдай тұруды” өтінді. Оралды қорғаудың қаһармандық ісі осылайша табыспен аяқталады. Лениннің радиодан берілген үндеуі қаланы қорғаушылардың арасында үлкен өрлеу туғызып, оларды акгвардияшылармен ұрыста жеңімпаз етіп шығарды<sup>25</sup>.

Орал қаласын акгвардияшылардан қорғаған гарнизонның қиын-қыстау кезеңде кеңес өкіметіне деген сенімін жоғалтпауына тікелей себепші болған шағын радиостанция еді. Ол туралы мұрағаттан табылған мына деректің орны бөлек. Пошта-телеграф халық комиссариатының уәкілі және Қырғыз (Қазақ) республикасы пошта-телеграф басқармасының менгерушісі Дорофеевтің 1920 жылғы 13-қарашалағы “Қазақ КСР аумағындағы пошта-телеграф байланысының жағдайы және оны дамыту” деген баяндамасында: “Қатынас жолдары мен арақашықтыққа тәуелділікті жоюшы радиотелеграф байланысы болып табылады, ол барған сайын бейбіт құрылыста өмір сүру құқығын жеңіп алуға. Сол кезге қарай Қазақ КСР аумағында мына жерлерде: қабылдаушы радиостанциялар болды, олар: Орда, Қостанай, Орынбор, Павлодар (азаматтық радиостанциялар) қуаты аз таратушы радиостанциялар: Гурьев, Есіл, Орал, Ақтөбе (әскери ведомствоныкі), Семей (азаматтық радиостанциясы).

Ары қарай неғұрлым дамыған радиотелеграф жұмысын орнықтыру үшін байланыс басқармасы РСФСР пошта-телеграф халық комиссариатына Семей облысында: Қарқаралы, Зайсан, Көкпекті, Өскемен, Ақтөбе облысында: Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Орал облысында: Елек, Жымпиты, Жилая Коса, Орск; Торғай облысында: Ырғыз, Торғай сияқты мекендерде қабылдаушы радиостанциялар орнату туралы өтініш жасау керектігі айтылды<sup>26</sup>.

Аталған мұрағаттан алынған келесі мәліметтен 1919 жылы Орал қаласы қоршауда қалған кезде онда бір емес, екі радиостанцияның жұмыс істеп тұрғандығы анықталды. Мысалы Орынбор, Орал губерниялық байланыс бөлімшелерінің аумағында орналасқан 1921 жылғы 1-наурызда жұмыс істеп тұрған тұрақты радиостанциялар тізімі<sup>27</sup> бұған бұлтартпас дәлел деп білеміз. Сондықтан кестенің өзіне жүгінген жөн шығар деп түйдік.

Жұмыс істеп тұрған радиостанциялар	Қуаты	Уақыты
1. Орынбор	60 квт	1920 ж.
2. Орынбор	8 квт	1919 ж.
3. Орынбор	қабылдаушы	1918 ж.
4. Қостанай	қабылдаушы	1919 ж.
5. Орал	2 квт	1919 ж.
6. Гурьев	2 квт	1919 ж.
7. Орал	қабылдаушы	1919 ж.
8. Орда	—”—	1919 ж.
9. Александр форты	3 квт	1918 ж.